

Әдіскер: « 2 » 105 » 2025ж.

Қолы: _____

Тәрбиеші: Бисеналина Д.Н.

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымы- №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы, Ақтөбе қаласы.

Топ: № 3 «Гүлдер» арнайы ересек.

Балалардың жасы: 4 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі- 05.05-.09.05..2025ж

Күннің болжамды режимі және оның мазмұн	Дүйсенбі 5.05	Сейсенбі 6.05	Сәрсенбі 7.05 мереке күні	Бейсенбі 8.05	Жұма 9.05 мереке күні
Балаларды қабылдау	<p>«Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау. ҰО: «Шертпек» «Ұлттық ойын ұлт қазынасы» «Күн,су,ауа» к/к ойыны «Ауа» деп белгі бергенде, балалар ұшатындай қимыл көрсетеді, ал «су» дегенде –суды малтып келе жатқандай , «күн» дегенде қолын белге қойып, бір аяғын көтеріп тұра қалады. (Физикалық дағдысын дамыту)</p>	<p>«Зоологиялық домино». Мақсаты: Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; ұғымталдыққа, зейін қоюшылыққа баулу. «Жақсы іс-әрекеттерді таңдап алайық» ойыны Мақсаты:Жаман әдеттерден аулақ болуға үйрету, қоршаған ортасына ұқыптылықпен, мейірімділікпен қарауға тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p>		<p>«Санамак» айту арқылы саусақ жаттығуын орындату (танымдық және зияткерлік дағдыны дамыту) Қырықаяқ» ойыны Мақсаты:Кеңістікті бағдарлауға, бір немесе бірнеше шеңбер бойына тізбектеле жүре білуге үйрету. (Физикалық дағдысын дамыту)</p>	

Ата – аналармен әңгімелесу, кеңестер.	Дәйек сөздер: «Күннің көзі ортақ, Жақсының сөзі ортақ»	«Өнегелі 15 минут» (Біртұтас тәрбие бағдарламасы) Ата-анамен Отан қорғаушылар күніне суреттер қарау.		«Өнегелі 15 минут» (Біртұтас тәрбие бағдарламасы) Көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне буклеттер қарау.	
Балалардың өздік іс-әрекеті (қозғаласы аз ойындар, үстел үсті ойындар, көркемөнерпаздар ойынд. кітаптарды қарау және басқалар)	Ұ:О: «Асық ату» «Ұлттық ойын ұлт қазынасы» (Біртұтас тәрбие бағдарламасы) Дидактикалық ойын: «Әжемнің өрнектері» Мақсаты: балалардың зейінділік пен байқағыштығын дамыту. (Шығармашылық дағдыны дамыту)	«Сикырлы дүрбі» ойыны Мақсаты: топтың әр мүшесінің жақсы жақтарын көре білу қабілетін қалыптастыру. (әлеуметтік-эмоционалды дағдыны дамыту «Досыңды сыйлай біл» Өнегелі әңгіме.		Ұ:О: «Күш сынасу» «Ұлттық ойын ұлт қазынасы» (Біртұтас тәрбие бағдарламасы) «Ұқсас заттарды тап» ойыны Мақсаты: Геометриялық фигураларды танып атай білу, бос торларды сәйкес фигуралармен толықтыру	
Таңғы жаттығу	Таңертеңгілік гимнастика кешені № Мақсаты: жетекші нұсқаушының жоспарымен өтеді.	Таңертеңгілік гимнастика - ка кешені № Мақсаты: жетекші нұсқаушының жоспарымен өтеді.		Таңертеңгілік гимнастика -ка кешені № Мақсаты: жетекші нұсқаушының жоспарымен өтеді.	

Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын тазалап жууын қадағалау. Өнегелі әңгіме.	Тамақты ішкенде төкпей және шашпай, асықпай ішуге дағдыларын қалыптастыру.		Қасықты оң қолымен ұстауларын қадағалау. Үнемді тұтыну. Тамақты ысырап қылмаймыз.	
Ұйымдастырылған қызметке дайындық	"Кітап бұрышындағы еңбек" Кітаптарды қалпына келтіру, жинастыру. (әлеуметтік дағдыны дамыту) «Күй күмбірі». Күйдің әуені ойнап жатыр.	Тіл ұстарту жаттығуы: Са-са-са Ызындайды маса. (коммуникативтік дағды) Лек-лек-лек, Гүлге қонды көбелек. (коммуникативтік дағды)		Артикуляциялық - жаттығу: № 4-6 (сөйлеуді дамыту, физикалық, коммуникативтік дағдыларын дамыту) Нейрожаттығу: «Күймақтар», «Аяқтар мен мүйіздер» (үстел үстінде, №9, 10) (физикалық дағды)	
Мектепке дейінгі кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу іс әрекеті	1.Сөйлеуді дамыту (маман жоспарына сай) 2.Дене шынықтыру (маман жоспарына сай) «Сиқырлы қорап» ойыны 1.Мақсаты: Заттарды сипаттауын, сөздерді дұрыс айтып, байланыстырып сөйлеуін бекіту. Сөйлеуді дамыту	1.Дыбыстап айту (маман жоспарына сай) 2. Дене шынықтыру (маман жоспарына сай) 1.Кеңістікті бағдарлау Өзінің дене бөліктерінің орналасуына қарай бағдарлай білуге үйрету. Дағдыларын қалыптастыру: Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтай білу, заттарды оң қолымен		1.Сөйлеуді дамыту. (маман жоспарына сай) 2.Музыка (маман жоспарына сай) «Жайлауға саяхат» ойыны Тәрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі	

	<p>(коммуникативтік дағдыны дамыту)</p> <p>2. Мерекелік отшашу олардың өзіне тән ерекшеліктерін: пішінін, пропорциясын және збөліктерінің орналасуын ескере отырып сурет салуға үйрету; (сурет салу) (шығармашылық дағдыны дамыту)</p>	<p>солдан оңға қарай орналастыру, өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атау (бас, аяқтар, қолдар). 2. Мерекелік отшашу Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. (жапсыру) (шығармашылық дағдыны дамыту)</p>		<p>туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p>(әлеуметтік-эмоциональды дағдыны дамыту) (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, коммуникативтік дағды) «Күй күмбірі»</p>	
Серуенге дайындық	Киіну-шешіну. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Шешінетін жерде мінез-құлық ережелерін	Үнемді тұтыну. Суды үнемді тұтыну.Кранды ашық қалдырмау.		Киіну-шешіну. Шкафқа киімді жинап, есігін жауып, екінші аяқ киімді жинап кету. Дид.	

	сақтауға үйретуді жалғастыру.			ойын: «Аяқ-киім ұрысып татуласты».	
Серуен	<p>Картотека № 9 Күнді бақылау Зерттеу: Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (қоңыр түсті әйнекпен) Еңбек: Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу.. Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту Қимылды ойын «Күн мен түн». Мақсаты: күн мен түннің айырмашылығы Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? Күн қай жақтан шығады? Қай жаққа батады? жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу. Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру.</p>	<p>Картотека № 5 Бұлтты бақылау Қимылды ойын «Үйсіз қоян». Еңбек Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Ұлттық ойын: «Ақ серек, көк серек»</p>		<p>Картотека № 10 Тастарды бақылау. Зерттеу жұмысы Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау. Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау. Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу. Қимылды ойын. «Бәйге». Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту</p> <p>Өз бетінше ойы</p>	

	Мақсаты:секіре Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? • Неге? Зерттеу қызметі білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.				
Серуеннен қайту	Ересектердің көмегімен рет-ретімен шешіну қабілетін бекіту. Әр киімді шешіп өз орнына қойып, келесі киімді шешуге дағдысын дамыту. (әлеуметтік- эмоционалды дағды)	Сыртқы келбетімізді қадағалау әдетін қалып - тастырамыз, жолдаста - рымызға көмек бере-міз. (әлеуметтік-эмоционалды дағды) Үнемді тұтыну. Суды шашпай, жуынамыз.		Киімге арналған шкафта тазалық пен тәртіпті өз бетінше сақтау қабілетін бекіту. (коммуникативтік дағды)	
Түскі ас	Түскі ас алдында гигие- налық шараларды орын -дау. Үнемді тұтыну. Электр қуатын үнемді жұмсау керек.	Ас ішу әдебін сақтау туралы айту.		Балаларға алақанды бір-біріне ысқылап жуу дағдысын қалыптастыру.	
Күндізгі ұйқы	«Қолғап» ертегісін оқу. (көркем әдебиет, коммуникативтік дағд)	Тыныш әуенді тыңдау. (музыка, шығармашылық дағды)		Бесік жырын тыңдау. (музыка, шығармашылық дағды)	
Біртіндеп тұрғызу, сауықтыру рәсімдері	«Оқтаулар» жаттығуы. Оқтауларды жалаң аяқ алға-артқа қарай илеу.	Беті-қолын салқын сумен жуу. Көзге арналған гимнастика. Үнемді тұтыну. Суды пайдалы жұмсау.		«Сулы жолдар» жаттығуы. «Суды жолдардың» үстімен жалаң аяқ жүреді. Өнегелі әңгіме.	
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық шараларды	Тыйым сөз: Дәнді шашпа,		Жуынсаң сен әрдайым,	

	орындау: қолды жуу, өз орамылынды қолданып, орнына ілу. (физикалық дағды)	Нанды баспа. (коммуникативтік дағды)		Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы, Су дегенің осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз).	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. әрекеттер)	<p>Сюжетті-рөлдік ойын: "Кітапхана"</p> <p>Кітапхана жайында ұғымдарын кеңейту. Кітапханашы мамандығын құрметтеуге үйрету.</p> <p>«Табиғатты қорғайық» (қоршаған ортамен таныстыру) (әлеуметтік-эмоционалды дағдыны дамыту)</p> <p>Нейрожаттығулар жасату.</p> <p>Баяу қимылды ойын: «Мен сияқты жаса» (қимылмен көрсету)</p> <p>Тігінші не істейді?(тігеді) Етікші не істейді? (қағады) Жүргізуші не істейді? (айдайды)</p>	<p>«Әр заттың өз орны бар» ойыны</p> <p>Мақсаты: Әр заттың қажеттілігі, өзінің атқаратын қызметі және кеңістіктегі орны жайлы түсініктерін бекіту, Балалардың заттарға деген ұқыптылығын тәрбиелеу.</p> <p>(әлеуметтік-эмоционалды дағдыны дамыту</p> <p>Қырықаяқ» ойыны</p> <p>Мақсаты:Кеңістікті бағдарлауға, бір немесе бірнеше шеңбер бойына тізбектеле жүре білуге үйрету.</p> <p>(музыка, дене шынықтыру)</p> <p>(танымдық , физикалық дағдыны дамыту)</p>		<p>«Бір сөзбен ата» ойыны</p> <p>Мақсаты: Жалпылама сөздерді ойын барысында үйрету.</p> <p>Шарты: тәрбиеші қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады. Қағып алған бала сол сөздердің жалпылама , баламасын айтады. Мысалы: әке, аға, ана,тәте – отбасы.</p> <p>Кесе, шанышқы,қасық....</p> <p>(коммуникативтік дағдыны дамыту)</p> <p>Сюжетті -рөлдік ойын: «Жүргізуші». №6. Мақсаты: жүргізуші,</p>	

	Аула сыпырушы (сыпырады)			көліктер түрлері туралы әңгімелеу және оның кейіпіне еніп ролді сомдауға үйрету. (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағды) Қауіпсіздік ережесі. Қоғамдық орындардағы және көліктегі мінез-құлық қағидалары.	
Балалармен жеке жұмыс	Геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету дағдыларды қалыптастыру: геометриялық пішіндерді тану және атау, пішіндерді зерттеу дағдыларын қалыптастыру (танымдық дағдыны дамыту) (Нейрожаттығулар жасату. (Тимур, Несібелі) (танымдық дағдыны дамыту)	Алима, Әмірмен зейінін тұрақтандыруға ойын. (Нейрожаттығулар жасату. (Мирсайд, Адия) Мергенмен қыстырғыштармен ойын ойнату.		Шығ. ойын: «Ғажайып ермексаз Мақсаты: ермексазбен түрлі мүсіндер жасату. (шығармашылық дағды) (Осман, Мерген)	

Серуенге дайындық	Балалардың киінгенде замоктарын тағып, киімдегі олқылықтарды байқап, оны дұрыстай білулерін қадағалау.	Балаларды өз бетінше киінуге үйрету жұмысын жалғастыру.		Балаларды өз бетінше киінуге үйрету жұмысын жалғастыру.	
Серуен	Картотека № 9 Күнді бақылау	Картотека № 5 Бұлтты бақылау		Картотека № 10 Тастарды бақылау.	
Серуеннен оралу	Дид. жаттығу: «Шкафқа киімдерді іліп және бүктеп қою». Әр түрлі тәсілдерді қолдану қабілетін дамыту.	Сыртқы киімдерді мұқият іліп және бүктеп қою дағдыларын бекіту.		Сыртқы киімдерді мұқият іліп және бүктеп қою дағдыларын бекіту.	
Кешкі ас	Кешкі ас алдында қолды сабынмен жуу дағдысын бекіту.	Асты тауысып жеу туралы айту.		Өзі отыратын орнын таза және ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау	Үстел үсті ойыны: «Домино» Нейро жаттығулар орындау. (танымдық және зияткерлік дағдыны дамыту) Қимылды ойын: «Ұстаушы, лентаны ал» ойыны	«Дұрыс па, бұрыс па?» ойыны Мақсаты: Іс-әрекеттердің дұрысы, бұрысын ажыратады. Байланыс құралдары: пайдасы мен зияны туралы (қоршаған ортамен таныстыру)		Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» «Танграмм» ойыны Геометриялық пішіндерден жануарларды құрастырады. (танымдық – зияткерлік, дағдыны дамыту)	

және т.б. әрекеттер)	дене шынықтыру) (физикалық дағдыны дамыту)	(әлеуметтік-эмоционалды дағдыны дамыту) Жәндіктер боямақтарын бояу. (шығармашылық іс-әрекет			
Балалардың үйге кетуі	«Өнегелі 15 минут» (Біртұтас тәрбие бағдарламасы) «Гіл ұстарту» жаттығуларын үйден қайталату	«Өнегелі 15 минут» «Суджок» әдісі арқылы тікенекті шарды қолдана отырып санамақ айтуға болатынын көрсету.		«Өнегелі 15 минут» (Біртұтас тәрбие бағдарламасы) Табиғатта өзін қалай ұстау керек? суреттер қарау	

Әдіскер: « 8 / « 05 » 2025 ж.

Қолы: _____

Тәрбиеші: Умарова Г.К.

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымы- №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы, Ақтөбе қаласы.

Топ: № 3 «Гүлдер» арнайы ересектер

Балалардың жасы: 4 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі- 12.05.25 ж дан-16.05. 25 ж дейін.

Күннің бол- жамды режи- мі және оның мазмұны	Дүйсенбі 12.05	Сейсенбі 13.05	Сәрсенбі 14.05	Бейсенбі 15.05	Жұма 16.05
Балаларды қабылдау	«Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау. Саяхат: Топтағы табиғат бұрышына.Мақсаты:Бала- ларды бұрыштағы «Көк- тем» тақырыбына арнал- ған жұмыстарға назар ау- дарып, әңгімелету: Көк- тем және жаз мезгілдері- нің әсемдігі туралы айту. (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік дағды)	«Түрлі-түсті жолдар» ойын- жаттығу. Әдісі- әр бала өзі таңдаған түрлі түсті жолымен жүреді. Мақсаты: Балаларды өзі ұнатқан түспен тепе-тендікті сақтап жүруге дағдысын қалыптастыру. (физикалық, шығармашылық дағды)	Сурет көрмесі:«Сөйлей- тін қабырға». Әдісі-көр- ме. Тақырыбы: «Көңілді жаз». Мақсаты: Балалар- ды «Сөйлейтін қабырға- дағы» суреттерге назар аударып және оларды атауға үйрету. (қазақ тілі, коммуникативтік дағды) «Күй күмбірі». Күйдін әуені тыңдайды	Балаларды қоңыраумен қарсы алу, амандасып, жылы сөздер айту. Сыл- дырлатып қоңырауын соғып кіріп, орнына қояды. (коммуникативтік шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды дағды) «Күй күмбірі». Күйдін әуені тыңдайды	Жақсы көңіл күймен қарсы алу. «Менің көңіл күйім» ойын-жаттығу. Мақ- саты: Балаларды смайліктерді басуға үйрету. (сөйлеуді дамыту, әлеуметтік- эмоционалды дағды) «Күй күмбірі». Күйдін әуені тыңдайды
Ата – аналармен әңгімелесу, кеңестер.	Құндылық: Бірлік және ынтымақ. Дәйек сөз: «Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ой- лау үшін тірлік керек.» (Төле би)	«Табиғатты қорғай- мыз!» тақырыпта сурет көрмесі болады. Бәріміз баламен бірге сурет сала- мыз.	Ата-аналармен балалардың өзіне-өзі қызмет ету дағдылары туралы әңгімелесу.	Жеке бас гигиенасының сақталуын қадағалауын сұрау.	«Дене шынықтыру» іс- әрекетке қатысуға ж/е балаға ыңғайлы болу үшін арнайы спорт киімі керек», - туралы әңгімелесу.

Балалардың өздік іс-әрекеті (қозғаласы аз ойындар, үстел үсті ойындар, көркемөнерпаздар ойынд. кітаптарды қарау және басқалар)	Ойын кеңестігінің ұйымдас-тыру: «Көңілді жаз» әңгімесі. Мақсаты: «көңілді жаз» ұғымын еңгізу. Жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы айтуға үйрету. Сөздерді қайталап дұрыс айту дағдысын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік дағды)	Ойын кеңестігінің ұйымдастыру: «Көңілді доп» ойын- жаттығу. Мақсаты: Балаларды доп туралы әңгімелету, оны сипаттауға ж/е доппен ойнайтын ойындарды еске түсіріп, доппен қарапайым жаттығуларды жасау. (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды физикалық дағды)	Ойын кеңестігінің ұйымдастыру. Тіл ұстарту жаттығуы: Аз,-аз, -аз, Бұл көңілді жаз. Зен, -зен, -зен, -Бұл мөлдір өзен. Лек, -лек, -лек, Бұл әдемі көбелек. Пан, -пан, -пан, Бұл көк аспан. (көркем әдебиет, коммуникативтік дағды)	Ойын кеңестігінің ұйымдастыру. Буклеттер қарау: «Жыл құстары», «Көктем мезгілі» және «Жаз мезгілі». Мақсаты: Балаларды буклеттерді мұқият қарауға және құстарды атауға, көктемнің және жаз мезгілінің ерекшелігін анықтауға үйрету. (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік дағды)	Ойын кеңестігінің ұйымдастыру: Тыныс алу жаттығуы: «Сукөпіршіктері». Әр балаға ойыншық-сукөпіршіктері беріледі. Мақсаты: Балалар сукөпіршіктерді үреді ж/е ұшқан көпіршіктерді қолындағы құралмен қағып алуға үйрету.(қазақ тілі, физикалық дағды)
Таңғы жаттығу	Таңертеңгілік гимнастика кешені № Мақсаты: жетекші нұсқаушының жоспарымен өтеді.	Таңертеңгілік гимнастика кешені № Мақсаты: жетекші нұсқаушының жоспарымен өтеді.	Таңертеңгілік гимнастика кешені № Мақсаты: жетекші нұсқаушының жоспарымен өтеді.	Таңертеңгілік гимнастика кешені № Мақсаты: жетекші нұсқаушының жоспарымен өтеді.	Таңертеңгілік гимнастика кешені № Мақсаты: жетекші нұсқаушының жоспарымен өтеді.
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын тазалап жууын қадағалау.(физикалық дағды) Үнемді тұтыну. Ой-қозғау стратегиясы: Суды қалай үнемдейміз?	Таңғы асқа берілген ботқа жайлы әңгімелеу және оның денсаулыққа пайдасы. (коммуникативтік дағды)	Ботқаны тауысып жейміз Біз үлкен болып өсеміз, күшіміз көп болады. (коммуникативтік дағды)	Тәртіп сақтаймыз Ас ішіп отырып сөйлемеулерін қадағалау. Үнемді тұтыну. Ой-қозғау стратегиясы: Қалдық нанды не істейміз?	Ойын-жаттығу: « Ыстық сумен кім жуынады-сол жақсы деп аталады ... (көркем әдебиет)
Ұйымдастырылған қызметке дайындық	Ойын-жаттығу: «Ұзын мұртты құмырсқа, Келе жатты жұмысқа. Қолыма допты алдым, Оның жолына қойдым. Оң жаққа қарады...». (көркем әдебиет, коммуникативтік дағды) Арттикуляциялық жаттығу: №1-3.	Нейрожаттығу: «Қарын –даштарды бөлу». (III-топ, №10) Әр балаға 8-10 қарындаштар беріледі. Екі қолмен бір уақытта 2 стаканға қарындаштарды бөледі. (физикалық дағды) Арттикуляциялық жаттығу: №4-6.	Арттикуляциялық жаттығу: №7-9. (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік дағды) Нейрожаттығу: «Белгілерді соғамыз». (III-топ, №2). Екі қолмен бір уақытта қабырғадағы белгілерді соғады. (физикалық дағды)	Тыныс алу жаттығуы «Көбелектер». Мақсаты: Балаларды көбелектерді үріп ұшыруға үйрету. (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік дағды) Нейрожаттығу: «Мас-сажды доп». (III-топ, №4 -Ітәсіл) Әр бала массажды доппен жаттығу	Арттикуляциялық жаттығу: № 4-6. (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік дағды) Нейрожаттығу: «Қызықты оқтау». (III-топ, №8,9) Әр балаға басында 1 қарындаш, содан соң 2 қарындаш беріледі.

	(сөйлеуді дамыту)	(сөйлеуді дамыту)		жасайды. (физикалық д.)	(физикалық дағды)
Мектепке дейінгі кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу іс әрекеті	<p>1.Сөйлеуді дамыту (маман жоспарына сай)</p> <p>2.Дене шынықтыру (маман жоспарына сай)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Үй жануары ма, жабайы жануар ма?». №9 (ұжым) Мақсаты: Балаларды үй жануары мен жабайы жануарды атауға және оларды топтастыруға үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру, қазақ тілі, әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік дағды)</p> <p>Тіл ұстарту жаттығуы: Аз,-аз, -аз, Бұл көңілді жаз. Зен, -зен, -зен, Бұл мөлдір өзен. Лек, -лек, -лек, Бұл әдемі көбелек. Пан, -пан, -пан, Бұл көк аспан. Мақсаты: Балаларды буын, сөздерді анық және дұрыс айтуға үйрету. (қазақ тілі, коммуникативтік дағды)</p> <p>3.Шығармашылық ойын: «Бояулар әлемі».</p>	<p>1.Дыбыстап айту. (маман жоспарына сай)</p> <p>2. Дене шынықтыру (маман жоспарына сай)</p> <p>Сандар қатары: 5 –ке дейін тура-кері ретімен санау. Мақсаты:Балаларды сандар қатары арқылы 5 көлемінде тура-кері санауға үйрету. (математика негіздері, танымдық дағды)</p> <p>Сөздік дидак.ойын:«Салыстыр». Өмірмен байланыс. Мақсаты: Балаларды топтың ішінен кез-келген 2 затты ұзындығы, ені ж/е биіктігі бойынша салыстыруға үйрету. Олардың түсі, көлемін анықтап, сипаттама беруге дағдысын қалыптастыру. (математика негіздері, танымдық, шығармашылық дағды)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Ғажайып қапшық». №.9 Мақсаты: Балаларды қолдарын қапшыққа салып сипап- сезу арқылы үй жануарлардың түрін анықтап, атын табуға үйрету.</p>	<p>1. Дене шынықтыру (маман жоспарына сай)</p> <p>2. Музыка (маман жоспарына сай)</p> <p>Тыныс алу жаттығуы: «Сукөпіршіктері». Әр балаға сукөпіршіктері беріледі.(сөйлеуді дамыту, физикалық дағды)</p> <p>Зерттеу жұмысы:Өлі табиғат –құм, тас т.б.. Мақсаты: Балаларды сипап - сезу және көру арқылы тірі және өлі табиғат заттарды сипаттауға және тәжірибе жасап, көргенін әңгімелеп беруге үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік дағды)</p> <p>Суретті театр: «Үйшік» ертегісі. Мақсаты: Балаларды суреттерді ертегінің желісі бойынша ретімен қоюға, кейіпкерлерді анықтауға және олардың әрекеттеріне баға беруге үйрету. Сахналауға дағдысын қалыптастыру. (көркем әдебиет, коммуникативтік дағды)</p>	<p>1. Сөйлеуді дамыту (маман жоспарына сай)</p> <p>2. Музыка (маман жоспарына сай)</p> <p>Ләпбук. Дидактикалық ойын: «Ертегілер әлемі». Мақсаты: Балаларды ләп-буктағы 2-3 ертегіге байланысты берілген тап-сырмаларды бірге орындауға үйрету. Кейіпкердің жеке сөздерін қайталап айтуға, сахналауға дағдысын дамыту. (көркем әдебиет, коммуникативтік, шығармашылық дағды)</p> <p>Сөздік ойын-жаттығуы «Ойыншықтарды қоямыз». №28 Мақсаты: Балаларды өзіне қатысты бағыттарды анықтауға ж/е соған сәйкес ойыншықтарды қоюға үйрету. Өзінің дене бөліктерін бағдарлау ж/е атауға дағдысын дамыту. (математика негіздері, танымдық, коммуникативтік дағды)</p> <p>Шығармашылық ойын «Ғажайып ермексаз». №7</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту. (маман жоспарына сай)</p> <p>2. Қазақ тілі</p> <p>Тыныс алу жаттығуы: «Сукөпіршіктері». Әр балаға сукөпіршіктері беріледі. (сөйлеуді дамыту, физикалық дағды)</p> <p>Суреттер қарау. Сюжетті суреттер:«Жаз. Ауылда». Мақсаты:Балаларды суретке сүйеніп, сұраққа сөйлеммен жауап беруге үйрету. Сурет бойынша сөйлем құру дағдысын дамыту. (қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағды)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Пішіндер мен денелер» Мақсаты:Балаларды геометриялық пішіндер туралы білімдерін тиянақтау. Геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атауға үйрету. (математика негіздері, танымдық, коммуникативтік дағды)</p>

	<p>№4 Мақсаты: Балаларды «Көңілді жаз» тақырыбына қылқаламмен сурет салуға үйрету. Қылқаламмен бояғанда сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуға баулу. (сурет салу, шығармашылық дағды)</p> <p>«Күй күмбірі». Күйдің әуені тындайды</p>	<p>Сөздерді дұрыс айтып, байланыстырып сөйлеуін бекіту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, коммуникативтік, шығармашылық дағды)</p> <p>Құрастыру. Қағаздан құрастыру. Мақсаты: Бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруға дағдыларын қалыптастыру. (құрастыру, танымдық, шығармашылық дағды)</p> <p>«Күй күмбірі». Күйдің әуені тындайды</p>	<p>Шығармашылық ойын «Түрлі-түсті қағаздар».</p> <p>№6 Мақсаты: Балаларды ұлттық ою-өрнектерді пайдаланып ұлттық ыдыстарды желімдеп жапсыруға, безендіруге үйрету. Олардың пішінін ескере отыруға баулу. (жапсыру, танымдық, шығармашылық дағды)</p>	<p>Мақсаты: Балаларды халықтық бұйымдардың желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеу дағдыларын бекіту. Мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. (мүсіндеу, шығармашылық, танымдық дағды)</p> <p>Өнегелі әңгіме. Бір-бірімізді ренжітпейміз, керісінше көмек береміз.</p>	<p>Тіл ұстарту жаттығуы:</p> <p>Аз,-аз, -аз, Бұл көңілді жаз. Зен, -зен, -зен, Бұл мөлдір өзен. Лек, -лек, -лек, Бұл әдемі көбелек. Пан, -пан, -пан, Бұл көк аспан. Мақсаты: Балаларды дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. Ызың ж/е үнді (р,л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, коммуникативтік д.)</p>
Серуенге дайындық	<p>Киіну-шешіну. Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын дамыту.</p>	<p>Үнемді тұтыну. Ой-қозғау стратегиясы: Электр қуатты қалай үнемдейміз?</p> <p>Киіну-шешіну. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту.</p>	<p>Киіну-шешіну. Бір-біріне көмек көрсету. (тәрбиеші және белсенді балалардың)</p>	<p>Киіну-шешіну. Таза ауа жұтамыз және шыршаны бақлаймыз.</p>	<p>Киіну-шешіну. Шкафқа киімді жинап, есігін жауып, екінші аяқ киімді жинап кету. Дид. ойын: «Аяқ-киім ұрысып татуласты».</p>
Серуен	<p>Құмырсқаларды бақылау. №22 Мақсаты: Құмырсқалар туралы білімдерін тиянақтау. Зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын арттыру. (қоршаған ортамен таныстыру, әлеуметтік-эмоцио-</p>	<p>Гүлзарды бақылау. №21 Мақсаты: Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту. Өсімдіктерді күту, суару іскерліктерін тиянақтау. (қоршаған ортамен таныстыру, әлеуметтік-эмоцио-</p>	<p>Ауа райын бақылау. №20 Мақсаты: Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру,</p>	<p>Жәндіктерді бақылау. №19 Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау. Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру, әлеуметтік-</p>	<p>Желді бақылау. №15 Мақсаты: Жел туралы түсініктерін бекіту. Жел түрлерін есте сақтау. (қоршаған ортамен таныстыру, әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік дағды)</p> <p>Еңбек. Гүл өсіретін</p>

	<p>-налды , коммуникативтік дағды)</p> <p>Экология (бақылау) Тірі объекті қоршаған ортамен байланысы.</p> <p>Еңбек. Ойын алаңын тазалау. Мақсаты: Бірлесе жұмыс істей білулерін жалғастыру.</p> <p>Қимылды ойын: «Итеріспек». Мақсаты: Белгілі бір кеңістікте жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру. (физикалық дағды)</p> <p>Өз бетінше ойындар.</p>	<p>налды, коммуникативтік дағды)</p> <p>Еңбек. Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту). Мақсаты: Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау.</p> <p>Экология (бірлескен ә.) Гүлзардағы жағдайды анықтау.</p> <p>Қимылды ойын: «Қай топ тез жиналды?».</p> <p>Мақсаты: Жүгіруге жаттықтыру. (физикалық дағды)</p> <p>Өз бетінше ойындар.</p>	<p>әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік дағды)</p> <p>Еңбек. Кішкентайлар алаңын қоқыстардан таза-лауға көмектесу. Мақсаты: Кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру</p> <p>Қимылды ойын: «Үшінші артық». Мақсаты: Ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. (физикалық дағды)</p> <p>Өз бетінше ойындар.</p>	<p>эмоционалды, коммуникативтік дағды)</p> <p>Еңбек. Алаңды қоқыстардан тазалау. Мақсаты: Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар». Мақсаты: Кеңістікте жүгіруге, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. (физикалық дағды)</p> <p>Өз бетінше ойындар.</p>	<p>(клумба) алаңды дайындау. Мақсаты: Бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту.</p> <p>Қимылды ойын: «Кім жылдам?». Мақсаты: Жүгіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. (физикалық дағды)</p> <p>Өз бетінше ойындар.</p>
Серуеннен қайту	<p>Шешінудің бірізділік алгоритмін бекіту.</p> <p>Әңгімелесу: «Әр нәрсенің өз орны бар». (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік дағды)</p> <p>Өнегелі әңгіме. Ой –қозғау стратегиясы: Далада қалай ойнайдық? Ойыншыққа кім таласты?</p>	<p>Ұқыптылық дағдыларын, киім мен аяқ киімді күту(дұрыс және орнына жинау) Дид. жаттығу: «Кім киімді дұрыс және тез бүктейді». (коммуникативтік дағды)</p>	<p>Өзара көмек қажеттілігін қалыптастыру. (әлеуметтік-эмоционалды дағды)</p> <p>Экология (моделдеу ә) Бүгінгі ауа райын белгілеу, кешеге күнмен салыстыруға үйрету.</p>	<p>Сыртқы келбетімізді қадағалау әдетін қалыптастырамыз, жолдастарымызға сыртқы келбетіндегі кемшіліктерді дұрыстауға көмек береміз. (әлеуметтік-эмоционалды дағды)</p>	<p>Киімге арналған шкафта тазалық пен тәртіпті өз бетінше сақтау қабілетін бекіту. (коммуникативтік дағды) Үнемді тұтыну. Ой-қозғау стратегиясы: Электр қуаттың жарығымен фонардің жарығымен салыстыру. Қайсысы жақсы?</p>
Түскі ас	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау.</p>	<p>Балаларға оң қолымен қасықты ұстауға үйрету, қадағалау.</p>	<p>Балаларға алақанды бір-біріне ысқылап жуу дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Үнемді тұтыну. Ой-қозғау стратегиясы: Су туралы тыйым сөздер айту.</p>	<p>Балаларға 1-ші тағамның сорпасын, негізгі тағаммен ж/е гарнирмен жеуге үйрету.</p>	<p>Балалардың жуғаннан кейін қолдарын қысу қабілетін дамыту.</p>

Күндізгі ұйқы	Бесік жырын тыңдау. (шығармашылық дағды)	Тыныш әуенді тыңдау. (шығармашылық дағды)	«Қолғап» ертегісін оқу. (көркем әдебиет, коммуникативтік дағды)	«Шалқан» ертегісін оқу. (көркем әдебиет, коммуникативтік дағды)	Тыныш әуенді тыңдау. (шығармашылық дағды)
Біртіндеп тұрғызу, сауықтыру рәсімдері	«Таяшлармен» жаттығуы. Балалар қолдарын қысқа таяқшаларды алып, жалпы дамыту жаттығуларды жасайды.	«Жыланның жолымен жүру» жаттығуы. Балалар қысқа шұлықтарын киіп аяқтың өкшесімен жыланның жолымен жүреді	«Оқтаулар» жаттығуы. Балалар оқтауларды алғартқа қарай жалаң аяқ илеп домалатады.	Беті-қолын салқын сумен жуу. Көзге арналған гимнастика.	Сергіту гимнастикасы. Жалпы дамыту жаттығуларды орындау.
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру, асты таусып жеуге үйрету. (коммуникативтік дағды)	Ойын-жаттығу: Таңертең біз қолымызды Бетімізді сумен жуамыз. Плих және плух (2рет) (көркем әдебиет, коммуникативтік дағды)	Сөздік ойын: «Аюға ережені ескі түсіріп, көмек берейік». Тамақ үстінде сөйлейміз. Үстел үстіне шынтағымызды қоймаймыз. (коммуникативтік дағды)	Ойын-жаттығу: Су күмістей, Краннан ағып жатыр. Сабын хош иістеі ... (коммуникативтік дағды)	Ойын-жаттығу: Жылы су, Қолдарымыз таза. Мен сабынның бір бөлігін ... (көркем әдебиет, коммуникативтік дағды)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. әрекеттер)	Дидактикалық ойын: «Заттардың үйлерін тап». №32 Мақсаты: Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін тиянақтау, суреттерді пішініне қарай топтастыруға үйрету. (математика негіздері, танымдық, шығармашылық дағды) «Өлкетану бұрышына» саяхат. Қазақ халқының ұлттық тұрмыстық заттармен танысу. Мақсаты: Балаларды қазақ халқының ұлттық тұрмыстық заттарымен таныстыру және олардың атқаратын	Кітаптар қарау. Мақсаты: Ертегі кітапты қарау және суреттің мазмұны бойынша ертегіні еске түсіру, әңгімелеуге үйрету. Рөлді сомдауға дағдысын қалыптастыру. (көркем әдебиет, коммуникативтік, шығармашылық дағды) Қолғап театры: «Жануарлар әлемі». Мақсаты: Балалар жануарлардың ерекшеліктерін атап еске түсіреді және кейіпкерлердің кейіпіне еңіп сомдауға үйрету. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту,	«Ән шырқайық, балақай!». Мақсаты: Балаларды «Топ-топ балақай» әнді хормен және жұппен айтуға жұмысын жалғастыру. Дыбыстарды дұрыс айтуға дағдысын қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, шығармашылық, коммуникативтік дағды) Дидактикалық ойын: «Жануарларды тап». №19 (Кубизм ә.) Мақсаты: Балаларды жануарды сипаттауға, олардың «дауысын» салуға, іс-қимылдарын, эмоцияларын көрсетуге үйрету. (сөйлеуді дамыту,	Жаттығу: «Жаңылтпаш айтып үйренейік». Мақсаты: Балаларды сөздерді анық және буындап қайталап айтуға үйрету. Қазақ тіліндегі тән дыбыстарды дұрыс айту дағдысын дамыту. (көркем әдебиет, қазақ тілі, коммуникативтік дағды) Сюжетті -ролдік ойын: «Жүргізуші». №6 Мақсаты: Балаларды жүргізуші туралы әңгімелетіп, соның кейіпіне еңіп рөлді сомдауға үйрету. Жолаушыларға арналған қара -	Жаттығу: «Жұмбақтарды шешіп үйренейік». Мақсаты: Балаларды жұмбақтың шешуін табуға үйрету. Қазақ тіліндегі тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдысын дамыту. (қазақ тілі, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық дағды) «Би билейік, балақай!» Мақсаты: Балаларды жұппен тұрып би қимылдарын орындауға дағдысын қалыптастыру. (музыка, шығармашылық, физикалық дағды)

	қызыметін анықтауға үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру, әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік дағды) Сюжетті -ролдік ойын: «Дүкен». №1 Мақсаты: Балаларды дүкенші- мамандығы туралы әңгімелеуге және оның кейіпіне еңіп рөлді сомдауға үйрету. Заттардың атқаратын қызметі туралы білімдерін кеңейту. (қоршаған ортамен таныстыру, әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік дағды)	ту, коммуникативтік дағды) Сюжетті -ролдік ойын: «Отбасы». №4. Мақсаты Балаларды отбасы мүшелерін айтуға, әңгімелеуге және олардың кейіпіне еңіп ойнауға үйрету. Жақындарына қамқорлық танытуға баулу. (қоршаған ортамен таныстыру, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағды)	қоршаған ортамен таныстыру, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық дағды) Сюжетті -ролдік ойын: «Дәрігер». №2 Мақсаты: Балаларды дәрігер-мамандығы туралы әңгімелетіп, соның кейіпіне еңіп рөлді сомдауға және қарым-қатынас жасауға үйрету. (қазақ тілі, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағды)	пайым ережелерді білуге дағдысын дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, физикалық дағды) Жеке қауіпсіздік. Қоғамдық орындардағы және көліктегі мінезқұлық қағидалары.	Сюжетті -ролдік ойын: «Шаштараз». №5 Мақсаты: Балаларды шаштараз туралы әңгімелетіп, соның кейіпіне еңіп рөлді сомдауға үйрету. Жақсы қарым-қатынас жасауға баулу. (қазақ тілі, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағды) Өнегелі әңгіме. Достасып, бірлесіп ойнаймыз.
Балалармен жеке жұмыс	Дидактикалық ойын: «Жабайы жануарлары». Суреттегі заты атауға, ондағы даусыты ж/е дауыссыз дыбыстарды анық айтуға үйрету. (Мирсайд, Мейірім)	Дидак. ойын: «Ойыншықты қой». Ұсынған ойыншықтардың ішінен бір ойыншықты алып, кеңестікті бағдарлай отырып, нұсқау бойынша қоюға үйрету. (Адиля, Осман, Несібел)	Дидактикалық ойын: «Үй жануары мен төлдер». Үй жануарлары мен төлдердің атын атуға ж/е оларды топтастырып орналыстыруға үйрету. (Тимур, Адия, Әмір)	Шығармашылық ойын «Ғажайып ермексаз». №7 Мүсінлеудің таныс тәсілдерін пайдаланып, ермексаздан «Сүйікті ойыншығым» тақырыбына мүсіндеуге үйрету. (Алима, Абылайхан)	Дидактикалық ойын: «Жолдарымен жүріп шық» (нейрожаттығу). №29 Берілген түрлі жолдардың үстерімен екі қолдың саусағымен бір уақытта жүруге үйрету. (Сезім, Мерген)
Серуенге дайындық	Киім бөлмесінде мінезқұлық ережелерін сақтауға, сыпайы сөздерді қолдана отырып көмек сұрауға үйретуді жалғастыру.	Балаларды сыртқы келбетін бақылауға, ұқыптылыққа, тәуелсіздікке тәрбиелеу.	Балабақшада белгілі бір ретпен киіну және шешіну дағдысын қалыптастыру.	Аяқ киім қою, өздігінен аяқ киім қиюға дағдысын дамыту. Ойын- сайыс: «Шкафың ішін ретке келтіру».	Балаларды бір-біріне мейірімді болуға, қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Дидактикалық жаттығу: «Досқа қалай көмектесуге болады?».
Серуен	Ұлттық қимылды ойын: «Арқан тарту».	Ұлттық аз қимылды ойын: «Мак». №47 Мақ-	Ұлттық аз қимылды ойын: «Қарсы доп». №55	Ұлттық аз қимылды ойын: «Қара құлақ».	Балабақша ауласына серуен. Балалармен әңгі-

	№2 Мақсаты: Балаларды бір-бірімен қарама-қарсы тұрып арқанды тартып өз күшін көрсетуге үйрету. (физикалық дағды)	саты: Балаларды қос аяқпен сызба бойынша секіріп өтуге үйрету. (физикалық дағды)	Мақсаты: Балаларды екі топқа бөлініп тұруға және доптарды бір-біріне лақтырып-қағып алуға үйрету. (физикалық дағды)	№50 Мақсаты: Балаларды бағытты өзгертіп жүгіруге дағдысын қалыптастыру. (физикалық дағды)	мелесу. Мақсаты: Балаларды балабақша ауласында, далада болып жатқан өзгерістерді байқауға үйрету. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды дағды)
Серуеннен оралу	Дидактикалық жаттығу: «Киімді дұрыс және тез бүктейтін». Әр түрлі бүктейтін тәсілдерді қолдану қаюілетін дамыту.	Киімге арналған шкафты тазалық пен тәртіпті өз бетінше сақтау қабілетін дамыту.	Өлең: Маған көмектесудің қажеті жоқ- Күртешені өзім шешіп аламын, (етігімді ..) Мұқият тыңдаңыз, Мен тәуелсізбін.	Аяқ киімді мұқият қою дағдыларын бекіту.	Өз заттарын дұрыс орналыстыруын үйрету жұмысын жалғастыру.
Кешкі ас	Кешкі ас алдында қолды сабынмен жуу және жуу дағдыларын бекіту.	Тамақтану режимін орындау дағдысын дамыту. Берген асты тауысып жеу керек.	Балаларға үш саусағыңызбен қасықты дұрыс ұстауға үйрету жұмысын жалғастыру.	Тамақтан кезде орнын таза және ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.	Тамақты асықпай, жақсылап шайнап жеуді керек екен үйрету жұмысын жалғастыру.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. әрекеттер)	Дидактикалық ойын: «Пішіндер әлемі». №21 Мақсаты: Балаларды пішіндер мен түстерді еске түсіріп, «пішіндер кілеміне» сәйкес пішіндерді қоюға үйрету. (танымдық, шығармашылық дағды) Кітаптар қарау. Мақсаты: Балалардың қалауы бойынша кітапты таңдап алу және талдау жұмысын жүргізіп, мұқият тыңдауға үйрету.	Дидактикалық ойын: «Музыкалық аспаптар». №.11 Мақсаты: Балаларды музыкалық аспаптарды атауға, оркестр құруға және сол аспапта ойнауға үйрету. Сөздерді анық, дұрыс айтуға дағдысын дамыту. (музыка, коммуникативтік, шығармашылық дағды) Өнегелі әңгіме. Достасып, бөлісіп ж/е кезектесіп ойнаймыз. Аспапқа	Саусақтар ойыны: «Ұзын баулар». №11 Мақсаты: Балаларды ұзын бауларды I-әдісі бойынша тесіктен өткізуге үйрету. (танымдық, физикалық дағды, ұсақ қол моторикасын дамыту) Құрастыру. Құрылыс материалдармен құрастыру. Мақсаты: Балалардың шығармашылық қиялын дамыту. Өз бетінше ойдан құрастыруға	Сөздік ойын: «Жаңғыру». №14 Мақсаты: Балаларды сөздегі барлық дыбыстарды анық айтуға және ол сөзді 3 деңгейде қайталап айтуға үйрету. (қазақ тілі, коммуникативтік дағды) Қолғап театры: «Жануарлар әлемі». Мақсаты: Балаларды жануарды атап, еске түсіреді және кейіпкерлердің кейіпіне еңіп сомдауға үйрету. (қоршаған ортамен	Дидактикалық ойын: «Ғажайып қапшық». №.9 Мақсаты: Балаларды қолдарын қапшыққа салып сипап- сезу арқылы үй жанурдары анықтауға және атын табуға үйрету. Дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыларын дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, коммуникативтік, шығармашылық дағды) Экология (ойын) Үй жануарлары туралы

	Таныс бір ертегінің кеіпкерлердің сөздерін айтуға ж/е сахналауға дағдысын қалыптастыру. (коммуникативтік, элеуметтік-эмоционалды дағды)	таласпаймыз. Аз қимылды ойын: «Доп, доп, добым». №35 Мақсаты: Балаларды доппен түрлі қарапайым жаттығуларды және тапсырмаларды орындауға үйрету. (физикалық дағды)	дағдысын қалыптастыру. (құрастыру, танымдық, шығармашылық дағды)	таныстыру, сөйлеуді дамыту, коммуникативтік дағды) Экология (ауызша ә) Бұл жұмысты сұрақ қою арқылы диалог құрамыз Театрда қандай жануарларды көрдік? Оларды бір сөзбен қалай атаймыз?	білімдерін тиянақтау. Оларды күтіп-баптауға баулу. Ұлттық аз қимылды ойын: «Арқан тарту». №2 Мақсаты: Балаларды ұлттық ойындарды атауға және арқанды тартысып күш сынасуға үйрету. (физикалық дағды)
Балалардың үйге кетуі	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» тақырыпты акция өтеді. Балаға жақсы көңіл күй сыйлаймыз, акцияға қатысамыз. Біртұтас тәрбие.	Балалардың балабақшадағы бір күндік жетістіктермен ата-анамен бөлісу.	Ұлттық құндылықтар. Үй жағдайында да ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Өнегелі әңгіме. Үлкендерден үлгі алам.	Білген маржан. «Жаңбырмен жер көгереді, Батамен ел көгереді». Әр атанаға ұсыныс: балаларға бата үйрету.	Логопед берген үй тапсырмасын берудәптерді тарату. Кеңес беру.

Әдіскер: «16» «05» 2025 ж.

Қолы: _____

Тәрбиеші: Умарова Г.К.

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымы- №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы, Ақтөбе қаласы.

Топ: №3 «Гүлдер» арнайы ересек.

Балалардың жасы: 4 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі- 19 -23 мамыр 2024-25 оқу жылы

Күннің бол- жамды режи- мі және оның мазмұны	Дүйсенбі 19.05	Сейсенбі 20.05	Сәрсенбі 21.05	Бейсенбі 22.05	Жұма 23.05
Балаларды қабылдау	«Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау. «Танертеңгі сүзгі»: бала- ларды жақсы, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. «Жұмсақ ойыншықтар- ды» қолдану арқылы ба- лалармен амандасу.(әлеу- -меттік-эмоционалды, коммуникативтік дағды)	«Түрлі-түсті жолдар» ойын- жаттығу. Әдісі- әр бала өзі тандаған түрлі-түсті жолымен жүреді. (физикалық, шығармашылық дағды) «Күй күмбірі». Күйдің әуені тындайды	Балалардың көңіл- күйлеріне назар аудара отырып, қабылдау. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Ойын- жаттығу: «Көңілді қонырау». (әлеуметтік- эмоционалды, коммуникативтік дағды)	Топтағы «Жолда жүру» бұрышына саяхат. Бала- лардың назарын қалада- ғы көшенің жолына, кө- ліктеріне аударып, әңгі- мелесу. Жолда жүру ере- жесін еске түсіріп, тия- нақтау.(коммуникативтік әлеуметтік-эмоционалды дағды)	«Белгі соғу» нейрожат- тығу- қабырғада ілініп тұрған сызба-белгілерді соғады. (физикалық дағды) «Күй күмбірі». Күйдің әуені тындайды
Ата – аналармен әңгімелесу, кеңестер.	Құндылық: Бірлік және ынтымақ. Дәйек сөз: «Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп.» (Күлтегін)	Ата-аналармен балалардың өзіне-өзі қызмет ету дағдылары туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен балаларды ауа-райына байланысты киім кию кажеттілігі туралы әңгімелесу.	Жеке бас гигиенасының сақталуын қадағалауын сұрау.	«Дене шынықтыруға» қатысу үшін баланың арнайы дене шынық- тыру киімі болу керек» - туралы әңгімелесу
Балалардың өздік іс-әреке- ті (қозғаласы аз ойындар, үстел үсті	Ойын кеңестігінің ұйымдас- -тыру: « Мен жасай ала- мын » әңгімелеу. Мақса- ты: «мен жасай аламын» ұғымын еңгізу. Өздерінің	Ойын кеңестігінің ұйым- дастыру: « Мен спорт- шымын » ойын- жатты- ғу. Мақсаты: Балаларды түрлі спорт құралдарын	Ойын кеңестігінің ұйым- дастыру. Тіл ұстарту жаттығуы: Ла,-ла,-ла, Бұл өнерлі бала. Ла,-ла,-ла,	Ойын кеңестігінің ұйым- дастыру. « Сөйлейтін қабырға »: « Қауіпсіз ережесі ». Мақсаты: Балаларды «Сөйлейтін	Ойын кеңестігінің ұйым- дастыру: Дидактикалық ойын: «Досыңа көмектес» №18 Мақсаты: Балаларды берілген қима суреттерді

ойындар, көркемөнерпаздар ойынд. кітаптарды қарау және басқалар)	ерекшеліктері туралы айтуға үйрету. Сөздерді қайталап дұрыс айту дағдысын қалыптастыру. (әлеуметтік-эмоционалдық, коммуникативтік дағды)	алып, солармен түрлі іс-қимылдарын көрсетуге үйрету. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалдық дағды)	Бұл биші бала. Ла,-ла,-ла, Бұл ақылды бала. Ла,-ла,-ла, Бұл әнші бала. (коммуникативтік дағды)	қабырғадағы» суреттерді мұқият қарауға және әңгімелеп айтуға үйрету. Ондағы жағдаятқа баға беру дағдысын дамыту. (коммуникативтік дағды)	үлкен суреттің үстіне қойып құрастыруға үйрету. (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалдық, шығармашылық дағды)
Таңғы жаттығу	Таңертеңгілік гимнастика кешені № Мақсаты: жетекші нұсқаушының жоспарымен өтеді.	Таңертеңгілік гимнастика кешені № Мақсаты: жетекші нұсқаушының жоспарымен өтеді.	Таңертеңгілік гимнастика кешені № Мақсаты: жетекші нұсқаушының жоспарымен өтеді.	Таңертеңгілік гимнастика кешені № Мақсаты: жетекші нұсқаушының жоспарымен өтеді.	Таңертеңгілік гимнастика кешені № Мақсаты: жетекші нұсқаушының жоспарымен өтеді.
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын тазалап жууын қадағалау.	Таңғы асқа берілген ботқа жайлы әңгімелеу және оның денсаулыққа пайдасы. (коммуникативтік дағды) Үнемді тұтыну. Тамақты тауысып шеу керек.	Ботқаны тауысып жейміз Өйткені онда дәрумендер көп. Біз үлкен болып өсеміз, күшіміз көп болады.(коммуникативтік дағды)	Тәртіп сақтаймыз. Ас ішіп отырып сөйлеулерін қадағалау.	Тақпақ оқу: «Ыстық сумен кім жуынады-сол жақсы деп аталады...». (көркем әдебиет, коммуникативтік дағды)
Ұйымдастырылған қызметке дайындық	Нейрожаттығу: «Айқастырған қадам». Ұзын жолмен аяқтарын айқастырып жүреді. (ІІІ-топ, №1) Арттикуляциялық жаттығу: №1-3. (коммуникативтік дағды) «Күй күмбірі». Күйдің әуені тындайды	Нейрожаттығу: «Қызықты оқтау». (ІІІ-тәсіл, №9) (физикалық дағды) Тыныс алу жаттығуы: «Қаңқызды ұшырамыз». Әр балаға қағаз-жапырақ беріледі. (физикалық дағды)	1.Арттикуляциялық жаттығу: №4-6. (коммуникативтік дағды) Нейрожаттығу: «Қарын-даштарды бөлу». Әр балаға 6-8 қарындаш беріледі ж/е 2 бос стакан беріледі. Бала қарындаштарды екі қолымен бір мезгілде бір-бір қарындаштан алып, екі бос стаканға бір мезгілде салады.	Тыныс алу жаттығуы: «Көбелекті ұшырамыз». Әр балаға қағаз-жапырақ беріледі. (физикалық дағды) Нейрожаттығу: «Көңілді қарындаштар». (ІІІ-топ, №7) Бұл жаттығуға әр балаға 5 қарындаштан беріледі.	Нейрожаттығу: «2 қағазды умаждаймыз және футбол ойнаймыз». (ІІІ-топ, №) Арттикуляциялық жаттығу: № 7-9. (коммуникативтік дағды)
Мектепке дейінгі кестесі	1.Сөйлеуді дамыту (маман жоспарына сай) 2.Дене шынықтыру	1.Дыбыстап айту. (маман жоспарына сай) 2. Дене шынықтыру	1. Дене шынықтыру (маман жоспарына сай) 2. Музыка	1. Сөйлеуді дамыту (маман жоспарына сай) 2. Музыка	1.Сөйлеуді дамыту. (маман жоспарына сай) 2. Қазақ тілі

